

Кәсіптік стандарт: «Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу»

### 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу" кәсіптік стандарты әзірленді, ол талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және сот-сараптама қызметі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;
- 2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;
- 3) жазба – қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжат немесе жүзеге асырылған қызметтің расталуы (верификацияның, ескертуші және түзетуші әрекеттердің жүргізілуінің куәлігін ұсыну және қадағалауын рәсімдеу үшін);
- 4) талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сотсараптамалық зерттеу мәні – талшықты табиғат объектілері арасындағы жанаспалы өзара іс-қимыл фактісін куәландыратын нақты мән-жайларды белгілеу, бұйымдардың талшықты құрамын белгілеу;
- 5) талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу объектілері – талшықты материалдардан жасалған бұйымдар.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

- 1) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 2) БА – Біліктілік анықтамалығы;
- 3) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
- 4) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

### 2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Название профессионального стандарта: Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу

5. Кәсіптік стандарттың коды: 084230010

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

- О Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету
- 84 Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету
- 84.2 Мемлекеттің қоғамға қызметтерді тұтастай ұсынуы
- 84.23 Әділет саласындағы қызмет және сот әділдігі
- 84.23.0 Әділет саласындағы қызмет және сот әділдігі

7. Краткое описание профессионального стандарта: осы стандарт "Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу" түрі бойынша біліктілік куәлігін алуға үміткер-сарапшыларға және сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар сарапшыларға, оның ішінде "Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу" түрі бойынша лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ сот сараптамасы органының бөлім/бөлімше, сектор басшысына қойылатын талаптарды сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) - 6 уровень ОРК
- 2) Сот-сарапшылары - 6 уровень ОРК

### 3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)»:	
Топтың коды:	1329-1
Қызмет атауының коды:	1329-1-028
Кәсіптің атауы:	Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6
подуровень квалификации по ОРК:	-

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Биологиялық және сабақтас ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Физикалық және химиялық ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеуін жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау		
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бөлімше жұмысына басшылық ету 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу	
Еңбек функциясы 1: Бөлімше жұмысына басшылық ету	Дағды 1: Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу	Машықтар:	
		1. Бөлімшенің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын қалыптастыру, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру; 2. Бөлімшенің мақсаттарын және оның осы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін айқындау; 3. Бөлімше қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және оларды жою немесе азайту әдістерін айқындау; 4. Бөлімше процестерінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындау; 5. Өндірістік есептерді қалыптастыру.	
	Білімдер:		1. Ұйымның стратегиясы/саясаты, мақсаттары, даму жоспарлары және басқа да нормативтік құқықтық құжаттары; 2. Менеджмент, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, ұйымдастырушылық даму саласындағы теориялық және практикалық білімдер; 3. Жоспарлау және әкімшілендіру негіздері. 4. Сараптама жүргізу туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	

<p>Дағды 2: Бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Персоналдың жұмысына басшылық жасау, міндеттерді қалыптастыру және олардың орындалуын қадағалау;</li> <li>2. Өз құзыреті шегінде ұйымның басқа бөлімшелерімен және өзге де ұйымдардың өкілдерімен бөлімшенің тиімді өзара іс қимылын жүзеге асыру;</li> <li>3. Бөлімшенің материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілігін анықтау бойынша талдау жүргізу;</li> <li>4. Зертхананы материалдық-техникалық жабдықтау мен жарақтандыруға өтінімдер жасау және ресімдеу;</li> <li>5. Реактивтердің кіріс бақылауын және олардың есебін жүргізу;</li> <li>6. Персонал қызметінің тиімділігін талдау және бағалау, орындалған жұмыс нәтижелері бойынша оған кері байланыс ұсыну;</li> <li>7. Қызметкерлерді тиімді ынталандыру жүйесін әзірлеу. Жанжалды жағдайлардың алдын алу;</li> <li>8. Бөлімшенің персоналға қажеттілігін айқындау, сондай-ақ олардың кәсіптік деңгейін ескере отырып, персоналды іріктеуді жүзеге асыру;</li> <li>9. Сот сараптамасы органы басшысының қарауына қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы ұсынымдар, оларды көтермелеу туралы немесе оларға жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізу;</li> <li>10. Персоналды даярлауды, біліктілігін арттыруды іске асыруды қамтамасыз ету;</li> <li>11. Бөлімше ресурстарын ұтымды пайдалануды, жабдықтар мен аспаптардың сақталуы мен жұмыс жағдайын қамтамасыз ету;</li> <li>12. Нұсқаулықты өткізуді ұйымдастыру, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар жөніндегі нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;</li> <li>3. Еңбекті ұйымдастырудың нысандары мен әдістері;</li> <li>4. Адами ресурстарды басқару, персоналды оқыту және дамыту тетіктері;</li> <li>5. Персоналдың қызметін бағалау әдістері, қызметкерлерді ынталандырудың, олардың қатысу деңгейін арттырудың әдістемелері мен тетіктері;</li> <li>6. Еңбекті ұйымдастырудың және басқарудың, еңбек заңнамасының негіздері; ішкі еңбек тәртібі қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың, өндірістік санитарияның, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің талаптары;</li> <li>7. Реактивтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың кірісін бақылау, оларды есепке алу және есептен шығару тәртібі;</li> <li>8. Пайдаланылатын техникалық құралдарды пайдалану және оларға қызмет көрсету қағидалары.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>

	<p>Дағды 3: Бөлімше жұмыстарының орындалу барысын бақылау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыс жоспар-кестелерінің орындалуын бақылау;</li> <li>2. Құрал-сайманның, аппаратура мен жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын, реактивтердің ұтымды қолданылуын (егер олар қолданылса), персоналдың қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауын бақылау;</li> <li>3. Сараптаманы жүргізу сапасын ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру;</li> <li>4. Сараптамалық қорытындыны сарапшының тәуелсіздігі қағидатын сақтай отырып, жүргізілген зерттеудің толықтығын, тұжырымдардың ғылыми негізділігін, алынған нәтижелердің дұрыстығын және сараптамалық қорытындыны ресімдеу сапасын тексеру;</li> <li>5. Персоналдың лауазымдық міндеттерін, оның ішінде сот сараптамасы саласындағы әдеп қағидаттарын, ақпараттың құпиялылығын орындауын бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>6. Сарапшының қорытындыларын ішкі және сыртқы рецензиялау процесіне қатысу;</li> <li>7. Сараптамалық қателіктердің алдын алуды жүргізу;</li> <li>8. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бөлімшеде қолданылатын жабдықтар мен аппаратураларды пайдаланудың негізгі технологиялық процестері мен ерекшеліктері;</li> <li>2. Сот-сараптамалық зерттеулер өндірісінің сапасын бақылауды ұйымдастыру қағидаттары;</li> <li>3. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері.</li> </ol> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі: -</p>
<p>Еңбек функциясы 2: Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл</p>	<p>Дағды 1: Сот сараптамаларын жүргізу бойынша сараптамаларды тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есеп ұсыну;</li> <li>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Сараптама құнын есептеу жөніндегі тарифтер мен әдістер.</li> </ol> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі: -</p>
	<p>Дағды 2: Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу;</li> <li>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Қылмыстық және азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері;</li> <li>3. Сот экспертиологиясы және криминалистика негіздері.</li> </ol>
<p>Қосымша еңбек функциясы 1: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p> <p>Дағды 1: Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеудің ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;</li> <li>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;</li> <li>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;</li> <li>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау.</li> <li>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;</li> <li>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;</li> <li>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;</li> <li>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілетін сынақтардың нәтижелерін талдау;</li> <li>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;</li> <li>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;</li> <li>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;</li> <li>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;</li> <li>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;</li> <li>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды айқындау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарының сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;</li> <li>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамасы;</li> <li>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жарияланымдар нәтижелерінің мазмұнына және ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары;</li> <li>5. Ғылыми зерттеулер жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау бойынша әдістемелік материалдар.</li> </ol>

Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Дағды 2: Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігі мен олардың салдарына талдау жасау;</li> <li>2. Сот-сараптама қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;</li> <li>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;</li> <li>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгеріс енгізу тәртібі, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді ресімдеудің тәртібі.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Дағды 3: Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарының сот-сараптамалық зерттеуін жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді даярлауға, осы бағыттағы сот сарапшыларының біліктілігін арттыруға қатысу;</li> <li>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;</li> <li>3. Кадрларды даярлаудың, біліктілікті арттырудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуге қатысу;</li> <li>4. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;</li> <li>5. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу;</li> <li>6. Оқыту нәтижелерінің көрсеткіштерін және оның тиімділігін талдауды жүзеге асыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;</li> <li>3. Баяндамалардың, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;</li> <li>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;</li> <li>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;</li> <li>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары;</li> <li>7. Оқыту шығындарын қаржыландыру тәртібі;</li> <li>8. Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі есептілікті жасау тәртібі.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жүйелі ойлау Стратегиялық ойлау Командада жұмыс істей білу Көшбасшылық Ұжымды басқару Нәтижеге бағдары/немесе сапаға бағдары Тиімді коммуникация дағдылары Тұрақты өзін-өзі дамыту Инновациялық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Басшы/басшының орынбасары	
10. Кәсіптің карточкасы «Сот-сарапшылары»:			
Топтың коды:	2611-7		
Қызмет атауының коды:	2611-7-002		
Кәсіптің атауы:	Сот-сарапшылары		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
подуровень квалификации по ОРК:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Физикалық және химиялық ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Биологиялық және сабақтас ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеуін жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды өзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. «Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу» мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу	
Еңбек функциясы 1: «Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу»			

<p>мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу</p>	<p>Дағды 1: Келіп түскен сараптама/зерттеу объектілерін және іс материалдарын қабылдау және қарап-шығу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұсынылған объектілердің, олардың санын сараптама тағайындау туралы қаулыда (ұйғарымда) көрсетілген тізбеге сәйкестігін тексеру;</li> <li>2. Сараптама/зерттеу объектілерінің бүліну, түрінің өзгеруін, ауыстырылу мүмкіндігін болдырмайтын және сақтау мен тасымалдау кезінде белгілері мен қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін олардың қаптамасының бүтіндігін тексеру;</li> <li>3. Зерттеу объектісі туралы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен жеткіліктілігін тексеру;</li> <li>4. Зерттеуге түскен материалдар мен объектілерді тексеру актісін ресімдеу;</li> <li>5. Сот сараптамасы объектілерінің бастапқы белгілері мен қасиеттерінің сақталуы және сараптама объектілерін сақтау мен қайтару қағидаларын сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;</li> <li>2. Заттай дәлелдемелерді және сараптамалық зерттеулерге ұсынылатын объектілерді алу, буып-түю, жіберу, тасымалдау, сақтау тәртібі.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
	<p>Дағды 2: Сот сараптамасы (зерттеуі) материалдары мен объектілерін зерделеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдардың сот-сараптамалық зерттеудің мәнін, объектісі мен міндеттерін анықтау;</li> <li>2. Ұсынылған материалдар мен зерттеу объектілерін зерделеу және сараптаманың шешуіне қойылған мәселелер бойынша олардың қорытынды беру үшін жарамдылығы мен жеткіліктілігін бағалау;</li> <li>3. Талшықты материалдар мен олардан жасалған бұйымдардың сот-сараптамалық зерттеу объектілерін, олардың ерекшелігін ескере отырып сипаттау;</li> <li>4. Сот сараптамасын (зерттеуін) жүргізу жоспарын жасау және сараптамалық зерттеудің міндеттерін, бастапқы деректерді ескере отырып, сараптамалық іс-қимылдардың дәйектілігін айқындау;</li> <li>5. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелерін және/немесе әдістерін таңдау;</li> <li>6. Сараптама тағайындаған органға қолдау хат ресімдеу;</li> <li>7. Сараптама объектілерін тіркеу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану;</li> <li>8. Реактивтердің кіріс бақылауын және оларды есепке алуды жүргізуге қатысу;</li> <li>9. Жазбаларды ресімдеу.</li> </ol>



Білімдер:	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;</li> <li>2. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу өндірісінің ерекшеліктері;</li> <li>3. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері, талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер;</li> <li>4. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдардың жіктелуі;</li> <li>5. Талшықтық құрамын, табиғаты талшықтық объектілердің нысаналы мақсатын анықтау;</li> <li>6. Стандарттау саласындағы талаптар (стандарттар, ТШ);</li> <li>7. Реактивтердің кіріс бақылауын сақтау және оларды есепке алу тәртібі;</li> <li>8. Сараптамалық және арнайы зерттеулерді тағайындау және жүргізу тәртібіндегі айырмашылықтар.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Дағды 3: Сот-сараптамалық зерттеу жүргізу	Машықтар: <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеуін жүргізу;</li> <li>2. Құрал-сайманды, аспаптар мен жабдықты дұрыс пайдалану, реактивтерді ұтымды пайдалану (егер олар пайдаланылса);</li> <li>3. Зерттеу жүргізу кезінде өндірістік орта жағдайларын (температураны, ылғалдылықты) бақылау;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеулердің сапасын бақылауға қатысу;</li> <li>5. Жазбаларды жүргізу және рәсімдеу;</li> <li>6. Санитариялық нормалар мен ережелердің талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қалдықтарды жинау, есепке алу және кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулықтарды сақтау.</li> </ol>

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері;</li> <li>3. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеуінің процестік және ұйымдастырушылық негіздері;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеу кезеңдері;</li> <li>5. Маталар мен тоқылған маталардың жіктелуі;</li> <li>6. Талшықтық құрамның ерекшеліктері;</li> <li>7. Табиғаты талшықтық объектілердің жай-күйінің ерекшелігі;</li> <li>8. Табиғаты талшықтық объектілердің күйін сипаттау ерекшелігі;</li> <li>9. Зерттеу жүргізу кезіндегі өндірістік ортаның шарттары (температура, ылғалдылық) ;</li> <li>10. Жазбаларды жүргізу ережелері;</li> <li>11. Құрал-саймандарды, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану, шығыс материалдарын есепке алу және сақтау тәртібі;</li> <li>12. Сот сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу барысында объектілерді табуға, тіркеуге және зерттеуге арналған ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер, сот фотосуретінің, бейнетүсірілімнің, фотокестелерді, сызбаларды, диаграммаларды жасау қағидалары;</li> <li>13. Тиісті заттай дәлелдемелерді қарау, алу және буып-түю, талдау үшін өкілдік сынамаларды іріктеуді жүргізу тәртібі, экспресс-тесттер мен реактивтерді пайдалану қағидалары;</li> <li>14. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар, қағидалар мен нормалар, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;</li> <li>15. Қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтарды жинау, есепке алу және кәдеге жарату жөніндегі нормативтік құқықтық актілер;</li> <li>16. Ішкі нормативтік құжаттар, лауазымдық міндеттер.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Дағды 4: Сот сараптамасы (зерттеуі) нәтижелерін түсіндіру/өңдеу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес зерттеу нәтижелеріне талдау, бағалау және өңдеу жүргізу;</li> <li>2. Зерттеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалауды жүргізу;</li> <li>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерін түсіндіру/өңдеу және тұжырымдарды қалыптастыру;</li> <li>4. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу бойынша жазбаларды жүргізу және ресімдеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістері және/немесе әдістері;</li> <li>2. Өлшеудің белгісіздігін бағалау мен ұсынудың жалпы ережелері;</li> <li>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндіру тәртібі мен қағидалары;</li> <li>5. Зерттеу нәтижелерін есептеудің, талдаудың, бағалаудың және өңдеудің жұмыс жазбаларын жүргізу қағидалары.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	<p>Дағды 5: Сарапшының (маманның) қорытындысын ресімдеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сарапшының (маманның) қорытындысын немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаны ресімдеу;</li> <li>2. Бақылау өндірісінің материалдарын қалыптастыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Сарапшының қорытындысын, оның құрылымдық (кіріспе, зерттеу, синтездеу, тұжырымдар) бөліктерін жасау тәртібі; Сарапшы қорытындысы тұжырымдарының нысандары;</li> <li>3. Құжаттауды, архивтеуді білу.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Еңбек функциясы 2: Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл</p>	<p>Дағды 1: Сот сараптамаларын жүргізу бойынша сараптамаларды тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптаманы тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есепті ұсыну;</li> <li>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/сарапшы ретінде қатысу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтер мен әдістер.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
	<p>Дағды 2: сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу;</li> <li>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Сот экспертиологиясы және криминалистика негіздері;</li> <li>3. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Қосымша еңбек функциясы 1: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу</p>		

Дағды 1:  
Сот сараптамасы  
саласындағы ғылыми  
қызметке қатысу

Машықтар:

1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеуінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;
2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;
3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;
4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау;
5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;
6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;
7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;
8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау;
9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;
10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;
11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;
12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;
13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;
14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды айқындау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

Білімдер:

1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;
2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;
3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау әдіснамасы;
4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;
5. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

-

	<p>Дағды 2: Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігіне және олардың салдарына талдау жасау;</li> <li>2. Сот-сараптама қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;</li> <li>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Білімдер:</p>
	<p>Дағды 3: Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеуін жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді кәсіптік даярлауға, осы саладағы сот сарапшыларының біліктілігін арттыруға қатысу;</li> <li>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;</li> <li>3. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;</li> <li>4. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу.</li> </ol>
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>Білімдер:</p>
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Жүйелі ойлау Күйзеліске тұрақтылық Командада жұмыс істей білу Аналитикалық ойлау Сапаға бағдары Шешім қабылдау кезіндегі дербестік Тиімді коммуникация дағдылары Тұрақты өзін-өзі дамыту</p>	
<p>Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:</p>	<p>-</p>	
<p>СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:</p>	<p>СБШ-нің деңгейі:</p>	<p>Кәсіптің атауы:</p>

6	Бөлім/бөлімше, сектор басшысы
7	Басшы/басшының орынбасары

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

12. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Орындаушы:

Сашкен А.М., +7 (717) 274 06 58, a.sashken@adilet.gov.kz

13. Өзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орындаушылар:

Ертаева Г.Ж., +7 (717) 254 10 05, expert@cse.kz

14. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: №2 , 12.12.2023 г.

15. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 14.12.2023 г.

16. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 18.10.2023 г.

17. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: версия 1, 2024 г.

18. Болжалды қайта қарау күні: 04.01.2027 г.